

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(125)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті	136
<i>Жазбадерек. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек	145

Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”)	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans)	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language	136
Chronicle. <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society	145

Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана)	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества	145

FTAMP. 17.71.07

А.Ф. Зейнулина¹, А.Т. Ибраева²

С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: ¹akbura66@mail.ru, ²aikohphd@gmail.com)

Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі

Аңдатпа. Фольклор мен әдебиеттің адамзаттың көркемдік дамуында алатын орны өте зор. Халықтың рухани дамуы мен мәдени ілгерлеуіндегі ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара күрделі ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақты біліп отыру аса қажетті нәрсе. Осы ретте қаһармандық эпостарда жасалған батыр тұлғасын образ-бейне ретінде қарауға болмайды. Батырлар бейнесі халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Аталмыш мақалада осындай жырлардың бірегейі «Арқалық батыр» жырының түрлі нұсқадағы берілуі мен оның көркемдігіне талдау жасалынады. Әсіресе «Арқалық батыр» жырының зерттелу тарихын, жырдың көпнұсқалылығын, осы күнге дейін ауызша-жазбаша сақталған барлық нұсқаларын толық, тұтастай, кешенді түрде қарастырған көбінесе фольклортанушы Бекмұрат Уақатовтың еңбегі туралы сөз болады.

Түйін сөздер: батырлар жыры, эпостық сюжет, нұсқалар, поэтика, әдеби мұра, бейнелілік табиғаты, көркемдік шешім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-94-101>

Кіріспе. Батырлық жырлар көне замандардан бері халық жадында туындағанын, ұлы даланы мекендеген барша ұлт пен ұлыстарға тән екендігін, ауызша-жазбаша бізге жеткен қолжазба нұсқалардың әртүрлі сипатта жеткізілуі уақыт пен қоғамдық ой-сананың ықпалынан өзгеріске түсуін зерттеу, бүгінгі Қазақ Елі өз тәуелсіздігін алған кезден айқын сезіліп, халықтық жады санасында қайта жаңғырту жолында зор еңбектер де жасалуда. Осыған орай әр дәуірде туған батырлық жырдың үлгісі ретінде көптеген жырлар бары да белгілі. Жыр саны бұдан әлденеше есе көп. Мәселен, қазіргі күнде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында батырлар жырының жүз сексендей нұсқасы бар. Осы нұсқалардың ішінен тандап алынған бірсыпыра жыр 1958-1964 жылдар арасында үш үлкен том болып баспа жүзіне шықты. Бұлардың ішінде: «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты ертеден таныс жырлармен қатар, бұрын жарияланбаған немесе аз жарияланған: Бұл қатарда «Ер Қосай», «Қарабек», «Дотан», «Арқалық», «Төрехан», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Манашұлы Тұяқбай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс-Көгіс», «Тама», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфүлмәлік», «Құламерген», «Жомерген», «Құбықұл», «Құл мен қыз», «Айдос батыр» секілді жырлар бар.

Әрине, бұл аталған жырлардың бәрі XIV-XVIII ғасыр арасында туған жоқ. Көпшілігі бергі кезде, XIX-XX ғасырда пайда болған секілді және осы «көпшілігі» деп отырған жырларымыздың өзі дүниеге екітүрлі бағытпен келгенге ұқсайды. Оның біріншісі — ертедегі эпостық сюжеттерді, бергі заманның тілек-талаптарына сәйкестіріп қайта жырлаудан, ал екіншісі — тың тақырыпқа, жаңа жырлар шығарудан байқалады.

Тақырыптың өзектілігі. Ертеде туып, талай ғасыр бойына ауызша айтылумен таралған эпостық жырлар, Қазақстанға капиталистік қарым-қатынас ене бастаған кезде, біраз өзгерістерге ұшырайды. Аталған кездегі әлеуметтік, қоғамдық жағдайлар, таптық көзқарастар ескі жырлардың идеясына, тақырыбы мен сюжетіне елеулі жаңалықтар енгізеді.

Бұлар екі бағытта, атап айтқанда: халықтық және халық мүддесіне жат кертартпа бағытта енеді. Мұны біз, ең алдымен, Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты жүргізілген күрестердің халық әдебиетіне жасаған ықпал-әсерінен деп білеміз.

Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылуы қазақ халқының болашағы, алға қарай дамуы үшін аса мәнді тарихи оқиға болып еді. Аталған кездің өзінде-ақ алдыңғы қатарда болған Ресей, қазақ халқының ілгерілеп дамуына, экономикасы мен мәдениетінің жаңа прогрестік бағытта өркендеуіне кеңінен жол ашты, зор мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар ол қазақтың қоғамдық өміріне де елеулі өзгерістер енгізді. Мұның бәрін қазақ халқы құптап қарсы алды. Ал, феодалдық құрылыстың тірегі болған және ол құрылыстың қаймағын бұзбай сақтап қалуды көздеген хандар мен феодалдар, билер мен қожа-молдалар Ресей мемлекетіне қарсы күресуді арман етеді. Олар бұл мақсатын жүзеге асыру үшін орыс халқына қарсы қазақ халқын айдап салуды көздейді. Мәдени қарым-қатыныс жасай бастаған екі халықтың арасында түрлі көзқарастар да болады. Бұл үшін олар әдебиетті, соның ішінде ерте заманда туған жырларды үгіт құралы есебінде пайдаланбақ болады да, олардың идеясына, тақырыбына, мазмұнына біраз өзгерістер енгізуге тырысады. Мұндай өзгерістер: шапқыншылық жолымен ел талауды, барымта алуды дәріптеу және ислам дінін үгіттеу, сол арқылы ұлт араздығын тудыру, «діні басқаларды» жек көрсету бағытында көрініп қалады.

Қазақ Елінің реформадан кейінгі дәуірде туған эпостық жырларының келесі басты тақырыбы: қазақ халқының қоғамдық өмірі, әлеуметті және басынан кешірген тарихи жағдайлары. Бұл тақырыптың өзі әралуан саланы қамтиды. Мысалы: Қазақстанның Ресейге қосылуы, ру тартыстары, барымта, жесір дауы, таптық қарым-қатынастар, т.б. жеке-жеке тақырып болып қазақ эпосынан орын алады. Бұған мысал етіп тарихқа аттары белгілі: Олжабай, Бөгембай, Наурызбай батырлар туралы жырлар мен т.б. [1, 429]

Жидебай, Жәнібек, Сұраншы сияқты батырлардың ел үшін, қоғам үшін атқарған қызметі жайында шығарылған жырларды келтіруге болады. Сондай-ақ, ел арасына ауызша тараған «Боран батыр», «Ермек батыр», «Арқалық батыр», «Елқонды батыр», «Жоламан батыр», «Нарқыз» сияқты жырлар да жоғарыда аталған тақырыпты әңгімелейді. Аталған жырлардың көпшілігінде жыршы-ақындардың ерте кезде қалыптасқан және батырлық жырға тән жыр түрін, жырлау әдісін үнемі қолдана бермегендігі байқалады. Олар өздерінің жырына айдар тағып, «батырлық жыр» деп ат қойса да, жыр оқиғасы көбінесе тұрмыс-салт, әлеуметтік жағдайлар жайында болады. Бұл тектес жырлардың әңгімесі ертедегі «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғындарға» ұқсамайды. Егер Ер Тарғын, Қобыландылар шетелдік басқыншыларға қарсы күресіп, олардан ел-жұртын қорғап жүрсе, Ермек, Арқалық сияқты батырлар өз еліндегі жауыздық пен зұлымдыққа, әділетсіздік пен езушілікке, әлеуметтік теңсіздікке қарсы шығады [3,48]. Осы жолда олар ел билеуші хандар мен билерден кек қайырады. Бұдан ертеде туған батырлық жыр дәстүрінің бертінде жаңа сипат ала бастағанын көреміз.

Үш томдық «Тарихи жырларға» кірген жиырма тоғыз туындының біразы Қазақстанда туып, Шыңжаңдағы қазақтар арасында өзгерістерге ұшырап, түрлі нұсқалар ретінде қалыптасқаны байқалады. Бұл ретте Абылай мен Кенесары хандарға, Бөгенбай, Ер Жәнібек, Сәтбек, Ағыбай, Арқалық батырларға байланысты жырларды атап өткен орынды. Жоғарыда аталған қорларда осы жырлардың бірнеше нұсқалары сақталған және кейінгі томдарда жарияланды. Ал Шыңжаң қазақтарының басынан өткен түрлі тарихи оқиғаларға қатысты «Есенкелді», «Қожеке», «Үркін-қорқын», «Уаң бала», «Қан кешу», «Шейітсай», «Тәутік батыр», «Жақыпберді батыр», «Бөкен батыр» т.б. [8,17] жырлардың бір тобы қазақстандық оқырманмен алғаш қауышты.

Ойымызды түйіндесек, батырлық-ерлік істерді суреттейтін халықтық жырлар ертеден келе жатқан мәдени мұраның асылдарынан саналады. Ол жырлар халқымыздың ертедегі ерлік рухын, нені көкसेп, нені арман еткенін бейнелейді. Бұдан, әрине, халықтық

жырлардың барлығы жоғары идеялы, әрі көркем деген ұғым тумайды. Олардың ішінде, жоғарыда айтылғандағыдай, идеялық қайшылығы барлары да, көркемдік жағы әлсіздері де кездеседі. Біздің міндетіміз халықтық жырлардың ішінен ең асылдарын таңдап ала білу болып табылады. Міне, соның ішінде ұлықты халықтың ішінде аз зерттелініп, айтылып жүрген жырлардың бірегейі, көп нұсқалы «Арқалық батыр» жыры.

Еліміздің сирек қорларында сюжеттер желісі мен композициялық құрылымында, тілдік, стилдік сипатында, көркемдік қуатында, көлемінде әр қилы өзгешеліктер, тіпті кейде оқиғалар тізбегінде мүлде ұқсамайтын ауқымды айырмашылықтары бар «Арқалық батыр» жырының бірнеше нұсқалары сақталған. Бердімұрат Уахатов олардың барлығын текстологиялық сараптаудан өткізе отырып таңдаулы алты нұсқасына тоқталды.

Алтыншы томға енген: «Жапал батыр мен Таңшебер қыз» (Ө.Тұтқышұлы нұсқасы), «Шақшақұлы ер Жәнібек» (И.Жылқайдарұлы), «Ер Әжібай» (Ө.Мәлікеұлы), «Арқалық батыр» (Е.Ахметов, С.Нұралин, Е.Құлсариев) сияқты тарихи туындылар. Бұл шығармалар ел қорғау тақырыбына арналғанымен, сюжеттік, мекендік, мезгілдік тұрғыдан алғанда әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мол, кейіпкерлері де әрқилы [6,29]. Мәселен, «Жапал батыр мен Таңшебер қыз» эпосының сюжеті басты кейіпкерлердің бірі – атақты Есім хан заманындағы XVII ғасыр оқиғаларын баяндаса, «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Ер Әжібай» шығармалары XVIII ғасырдың орта шеніндегі тарихи оқиғаларды сөз еткен. Ал «Арқалық батыр» жырының сюжеттік фабуласы Алтай қазақтарының аймақ бастығы Әжі төре Көгедайұлы мен ұранқай-дүрбіт халықтарының билеушісі Ежен ханның жергілікті елге көрсеткен зорлық-зомбылығына қарсы аттанған Арқалық батырмен арадағы қақтығыстарға құрылған.

Арқалық батыр шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысында болған адам. Руы - керей, оның ішінде - қарақас. Туып-өсіп, мекен еткен жері – Алтай аймағы, егіз жатқан екі ел – абақ-керей, найман іші.

XVIII ғасыр қазақ пен қалмақтың бір-бірімен барымталасып, мал қуысып, кек қайтарысып, қандасып тұрған дәуірі. Мұның үстіне Абылай төрелерінің бірі — Әжінің керей, найманды билеп, өз халқына өзі жауығып тұрған заманы болатын.

Әжі ханның қорлығы-ай,

Қалмақтың еткен зорлығы-ай, -деген жолдар осындай тарихи шындықтан туған ақиқат болатынды.

Арқалық батыр осы екі қыспақтың екеуін де көрген, әсіресе Әжі төренің әділетсіз айла-сұмдығына қарсы күрескен халық қаһарманы, ел ардағы болған жан. Арқалық батыр жөнінде Арқалық батыр шөберелерінің бірі – Қабаш Мұсайынов жазған. Бірақ, мұны әдеби нұсқа деуден гөрі батыр жайында жазылған деректеме десе де болады.

Арқалық батыр – бар жырда да өз еңбегімен күн көріп отырған қарақұрым көп кедейдің бірі. Ержан Ахметов жырында Арқалық батыр үстіне жадағай жаман шекпен, аяғына киіз байпақ, тері шоқай киіп жүретін сіңірі шыққан тақыр кедей.

Сарамса алажаздай егін салдым,

Бір сиыр, бір байтал бар – барлық малым,

Тары пісіп, келі түйіп ішкеннен соң,

Тоғайып соныменен әл жинадым, -деп Арқалық айтылса, Саяділде:

Есігінің алдына мал жимайтын,

Қара қоңыр бар еді отау үйі, -деп жадағау тілмен айтылса,

Ертайда бұл:

Арқалық асыл заты кедей еді,

Барлығы ауылымен кебеу еді, -деп жырланады. Сөйтсе де Арқалыққа тыныштық жоқ. Әжі төре бастаған байлар бірде сауғаға берген Көкшұбары үшін алпыс қамшы дүре салса, тағы бірде жалған жала жауып, ұрысын деп алақанына қорғасын құяды. Ақыры

хас батырға біткен аңғалдығы оны Әжі төренің қармағына іліктіреді. Арқалық Әжі ханның кегін қуып, намысын жыртып, жауда кеткен малына мал қайтармақ боп дүрбітке аттанады. Бұл бірде дүрбіт, бірде торғауыт деп аталады. Торғауыттар – Тарбағатай маңында да, ал дүрбіттер – Ертістің жоғарғы бойында тұрған тайпалар. Екеуі де XVI ғасырдың аяғында ойраттардан бөлініп шыққан.

Арқалық бастаған батырлар – Жұбай, Шатай, Тұяқ, Ситандар (Саяділ мен Ертайда – Жұбай, Қияқ, Тұяқ) жауда кеткен Әжінің Ақжол аты мен бес жүз жылқысын айдап әкеледі. Бірақ, амал қанша екіжүзді залым төре соңынан келген қалмақ қуғыншыларынан қорқып, айла шарғысын жасап, Арқалықты батыр серіктерімен қоса ұстап береді. Әжінің кім екеніне аңғал батырдың көзі енді жетеді. Бұған дейін тек жалған намыстың құрбаны болып келгенін әбден сезген Арқалық енді Әжі төремен бетпе-бет кездескенде:

Сейлханды берсем де бермен деп ең,
Дәл ененді ұрайын Әжі сұмпыз. -дейді.

Ежен ханның зынданында жатып, кейін қалмақ достарының көмегімен қашып, құтылуы болмаса, кейінгі бар оқиға-әрекет Арқалық батырдың Әжі төреден кек алуына құрылады.

Қай жырларда Арқалық – Қаракерей Қабанбайдың тұқымы, Ер Жәнібектің жиені деп айтылады. Ал, Саяділ Керімбеков нұсқасында Арқалық әлдеқандай бір жағдаймен Арқадан ауып келген батыр делінген.

Шынында да халық арасындағы бір аңызда Арқалықтың Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Ер Жәнібек, Уақ Баянның соңынан ерген жас батыр екені байқалады. Қалмаққа қарсы соғыста ол талай рет ерлігімен көзге түскен. Сөйтіп жүріп арқалық төре тұқымына айттырылып қойған бір қызбен көңіл қосады. Бірақ, хан-төре тұқымына қарсы шығар шара бар ма? Ақыры екі ғашық Дүрбіттегі он екі Абақ Керей еліне қашып барып, пана табады.

Ержан Ахметов бұл жырды XIX ғасырдың соңында Көтбай ақыннан үйренген екен. Арқалық батыр сипаттамасын беру үшін үзінді ұсынайық:

Арқалық, жастан шыққан сен бір ер деп,
Дүбірлі жауды қырған найзакер деп.
Қорлығы жау дүрбіттің өтіп кетті,
Шақыртқан себебім сол сені кел деп.
Арқалық, жау дүрбіттің қорлығы өтті,
Жылқы алып таңдай тал түс дүбірлетті.
Жылқыдан отардағы Саршоқыдан
Өзімнен алпыс жылқы алып кетті.

Арқалық, жастан шыққан сен бір ер деп,
Дүбірлі жауды қырған найзакер деп.
Отырмын жау қорлығын саған айтып,
«Кегімді Дүбірліден алып кел», -деп.
Алдияр, ақ сұңқарым келдім саған,
Отырған төре, қара бәрің тамам.
Тірі болсам бұл кегінді әперейін,
Тауып бер бір жүйрік ат дедім маған.

«Арқалық атың шыққан өнерменен,
Топ жарып сен келіп ең кедергіден.
Бар еді өз басымда бес жүз жылқы
Ішінде ат бар ма еді сен білмеген».
«Сөйлейді шешен адам тіл мен жағы,
Келсеңдер аман, есен елдің бағы.

Алдына үш жүз аттан жан салмаған,
Көкжалы Сейілханның, менің дағы».

Жыр аса көркем деңгейде, ерекше шабытпен жырланады. Сезім де, махаббат та, батырлық та, жан күйзелісі де дастанда жыр болып өріледі. Жырдағы Арқалық батыр тағдыры ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды. Шоқтығы биік Арқалық батыр бейнесі жырда былай суреттеледі:

Тесесің темір үйді соныменен,
Қашасың, іс оралса жөніменен.
Жаныңа сая болар бұл асылым,
Арқалық жан аямас досым ең сен.
Арқалық, бәрекелде ер екенсің,
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.
Тепкенде темір үзер батырым-ай,
Қор болып қазағыңда жүр екенсің!...

немесе:

Бежең айтты: «Арқалық қайдан келсін,
Өлтірмей қалмақ неге қоя берсін.
Аққу тиген дуадақ айғайлағыш,
Сол шығар», -деп сөйледі Бежең шешен.
Сол кезде төре үйіне шауып келдім,
Есікті найзаменен түре бердім.
«Төре қайда, қан қылып өлтірем», -деп,
Босағасын төренің тілгіледім.
Керейден төре көңілі суып кетті,
Ұран сап, керей үйден шығып кетті.
Төре шошып, Арқалық өлтіред деп,
Астына жүкаяқтың кіріп кетті..

Арқалықтың ең жақын тілеулес батыр жолдасы – Жұбай. Жұбай да Арқалық секілді қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылыққа талай рет қатысып, өрен ерлігімен, ақыл-айла, жүректілігімен халқына белгілі болған жас батыр. Сонымен бірге ол жанындағы үзеңгілес жолдасына жанын қиятын адал дос, ақылды серік. Жырда Арқалық өзінің аңғал батырлығымен алды-артын ойламай қалатын оппа, алып күш иесі ретінде суреттелсе, Жұбай көбіне әр нәрсені аңғарғыш ақылдығымен елес береді. Мұны Арқалықтың мына бір сөзінен де аңғаруға болады:

Дос болып қалмақ, қазақ сонан кейін,
Бірімен бірі бопты шабыспайтын, -дейтіні бар.

«Арқалық батыр» жырының халықтық үлкен қасиеті де оның осындай іс-әрекет ерлігін бірде ақылмен, бірде білек күшімен қолдап, жебеп отыратын бірталай кейіпкерлер бар. Олар батырдың қарулас серіктері – Жұбай, Шатай, Тұяқ, Ситан, әкесі Бөрібай, өз әйелі Қаракөз, Жұбайдың әйелі Дәмелі, батырға іштартып жүрген билер – Бейсенбі, Бәйметей, Жаксылық т.б. Елім деп еңіреген ердің есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кеткен. «Арқалық батыр» жырының зерттелу тарихын, жырдың нұсқалылығын, осы күнге дейін сақталған барлық нұсқаларын толық, тұтастай, кешенді түрде қарастыруымен көбінесе фольклортанушы Бекмұрат Уақатов көп айналысқан. Ол жыр нұсқаларының образдар жүйесі мен көркемдік ерекшеліктерін саралап, бұрын-соңды жарияланбаған жаңа да тың дерек көздерді көпшілік назарына ұсынады, жырға арқау болған нақты тарихи оқиғалар мен жыр кейіпкерлерінің прототиптері нақты деректер арқылы айқындайды. Шығарма тілінің көркемдігі, ондағы суреттеулері, жырдың құрылымы мен мазмұнындағы өзгеге ұқсамас ерекше қырларын талқылап, терең ғылыми тұрғыда сараптайды.

Қазақ халқының кез келген халықтың эпикалық қазынасынан кем түспейтін телегей-теңіз мол, әрі көркемдігі кемел, танымдық-тағылымдық мәні зор жырларының басым көпшілігі, әлі де болса, игерілмей жатқандығы – ащы да болса, шындық. Бұл олқылықтың орын алуына себеп болған жағдайларды анықтамақ болғанда, әуелі еліміздің ұзақ уақыт бодандықта өмір сүріп, таптық көзқарасты ту қып ұстап, коммунистік идеологияның үстемдігін бастан кешіргендігі еске түсері анық.

Осы орайда бір кездері қазақтың батырлар жырының бірегейі «Арқалық батыр» жырынан өзге үлгілеріне халыққа жат, зиянды құбылыстар ретінде тыйым салынған сұрапыл кезең ауызға жиі алынатынын да білеміз. Ал, жылымық дәуір орнаған заманда жазылып алына бастаған, кедей қаһарманды жағымды кейіпкер ету арқылы коммунистік идеологияның алыптарын да қанағаттандыра алатын, заманамыздың заңғар жазушысы тамсана ауызға алған әрі жыршы, әрі импровизатор ақын болып табылатын өнерпаздардың тұтас бір легі ат салыса тудырып, дамытқан, берер ғибраты да мол, халқымыздың көркемдік қабілетін дамытуға қосар үлесі де зор.

«Арқалық батыр» жырының көптеген үлгілерінің жарияланбай, зерттелмей, қоғамымыздың пайдасына асырылмай жатуының сырын түсіну қиын. Оған көз жеткізу үшін алысқа бармай-ақ, Қазақстан Республикасының мұрағаттық мекемелерінде ұзақ уақыттан бері сақталып келе жатқан аталған жырдың бес нұсқасының осы уақытқа дейін біреуінің ғана баспа бетін көріп, бұл жырдың барлық нұсқаларын тұтастай алып, жан-жақты қарастырған еңбектердің жазылмауын атап өтсек те, жеткілікті. Жылдар бойына қордаланып қалған осындай күрделі проблеманы бір ғана еңбек арқылы шешіп тастаудан үміттену бекершілік екені түсінікті. Дегенмен, осы зертеуіміз осынау маңызды мәселеге қозғау салатындай бастама жасайтын сәттің әлдеқашан туғанын ескере отырып қолға алынған еңбек. Ұлттық фольклортану саласының бағыт-бағдарын айқындап, қазақ халқының рухани болмысын, мәдени байлығын эстетикалық талап-талғам тұрғысынан тереңірек тани түсуге мүмкіндіктер береді.

Қорытынды. Қазақ Елінің әлем елдерінің алдындағы беделін тағы бір мәрте арттырып, бұл жәдігерлер ғаламдық фольклортанудың нысанасына айналады және адамзаттық құндылықтардың сапынан орын алатыны сөзсіз. Екіншіден, сан ғасырлар бойы жинақталып, түрлі себептермен ұзақ жылдар қолжазба қорларының сөрелерінде жатып қалған, сондай-ақ ХІХ-ХХ ғасырларда араб, латын және көне түркі жазуларымен басылған, сол себептен қалың оқырманға түсініксіз болып келген қазақтың бүкіл сөз өнері халықпен қайта қауышады, яғни, бұрын жарияланбаған фольклорлық мәтіндер, қалың оқырманға мәлім емес дереккөздері ғылыми айналымға түсіп, үрдісіне енетініне кәміл сенімдіміз.

Ұлттық руханият пен мәдениетті жаңғырту үшін филология ғана емес, сондай-ақ, оған іргелес тарих, тіл білімі, философия т.б. ғылымдар үшін негізді деректану базасы пайда болады. «Арқалық батыр» жырының барлық нұсқалары жарыққа шығуы – халық жадының қайта оралуына, ұлттық сананың бекуі мен қоғамдағы ізгі дәстүрдің қалыптасуына көмектеседі деген үміттеміз.

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында игеріліп жатқан құнды рухани қазыналарының қатарында Арқалық батыр туралы халық туындыларын да толық әрі кешенді, жан-жақты зерттеу ісі – аса маңызды әрі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, 1 – кітап. / жинақ - Алматы: ҚазАқпарат, 1960. - 581 б.
- 2 Қазақ фольклорының типологиясы. / жинақ - Алматы: Ғылым, 1982. - 322 б.
- 3 Уәлиханов Ш.Таңдамалы. / Ш. Уәлиханов - Алматы: Жазушы, 1980. – 410 б.
- 4 Садырбаев С. Фольклор және эстетика. / С. Садырбаев - Алматы: Жазушы, 1976. - 152 б.

- 5 Қазақ фольклористикасының тарихы. / жинақ - Алматы: Ғылым, 1988. - 432 б.
6 Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері: оқу құралы. / С. Садырбаев - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 216 б.
7 Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. / Е. Ысмайылов - Алматы: Жазушы, 1960. - 210 бет.
8 Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы: Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.

А.Ф. Зейнулина, А.Т. Ибраева

Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, Павлодар, Казахстан

Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи

Аннотация. Литература и фольклор имеют огромное значение в общечеловеческом культурном развитии. Если говорить о духовном и культурном наследии народа, то в устной и письменной формах литературы имеются определенные сходства и значительные различия. При этом очень важно знать суть этих явлений и их особенности. В частности, созданный в героическом эпосе формальный образ батыра нельзя рассматривать как художественный образ. Образы батыров изображаются только в рамках какой-либо определенной эпохи, показывается борьба батыров с внешними врагами того периода, восхваляется их смелость и отвага в этих сражениях, а также дается описание тяжелой жизни народа в тех исторических обстоятельствах.

Изображаемые в героических эпосах исторические события зачастую не соответствуют действительности в силу своей преукрашенности. В данной статье дается анализ поэтики уникальной поэмы «Аркалык батыр», а также демонстрируются различные ее варианты. В частности, рассматривается история исследования поэмы «Аркалык батыр», наличие многочисленных ее вариантов, а также вопрос о роли трудов ученого-фольклориста Бекмурата Уакатова, которому удалось собрать и сохранить до настоящего времени все варианты этой поэмы в виде цельного художественного комплекса.

Ключевые слова: поэма о батырах, сюжет эпоса, фольклорные варианты, поэтика, литературное наследие, создание образа, художественное решение.

A.F. Zeinulina, A.T. Ibrayeva

S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan

Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore

Abstract. Literature and folklore have a great importance in human cultural development. If we talk about the spiritual and cultural heritage of the people, then there are certain similarities and significant differences in the oral and written forms of literature. Therewith, it is very important to know the essence of these phenomena and their features. In particular, the formal character of the batyr created in the heroic epos cannot be considered as a literary image. The images of the batyrs are displayed only in the framework of a particular epoch, there is a struggle of batyrs against external enemies of that period, there are praises of their courage and bravery in these battles, and there is a description of the difficult life of the people in those historical circumstances. Historical events described in heroic eposes often do not correspond to reality due to their superiority.

This article provides an analysis of the poetics of the unique poem “Arkalyk Batyr” and demonstrates its various versions. In particular, the paper considers the history of the study of the poem “Arkalyk Batyr”, the presence of its numerous variants, as well as the question of the role of the works of the scientist-folklorist Bekmurat Uakatov, who managed to collect and preserve all the variants of this poem as an integral literary complex.

Keywords: a poem about batyrs, epos plot, folklore variations, poetics, literary heritage, image creation, literary solution.

References

- 1 Qazaq adabietinin tarychu T. I, kitap 1 [History of Kazakh Literature]. (Kazinform, Almaty, 1960, 581 p.). [in Kazakh]
- 2 Kazakh folklorynyn tipologiyasy [Typology of Kazakh folklore]. (Gylym, Almaty, 1981, 322 p.). [in Kazakh]
- 3 Ualichanov Sh. Tandamaly [Custom]. (Jazushy, Almaty, 1985. P . 431). [in Kazakh]
- 4 Sadyrbaev S. Folklor zhane estetika [Folklore and aesthetics]. (Jazushy, Almaty, 1976, 152 p.). [in Kazakh]
- 5 Kazakh folkloristikasynyn tarihy [History of Kazakh folklore]. (Gylym, Almaty, 1988, 432 p.). [in Kazakh]
- 6 Sadyrbaev S. Halyk adabietynyn tarihi negizdery: oku kuraly [Historical Foundations of Folk Literature: Textbook]. (Kazakh university, Almaty, 1992, 216 p.). [in Kazakh]
- 7 Ysmaiyllov E. Syn men Shygarma [Criticism and compositions]. (Zhazushy, Almaty, 1960, 210 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Зейнулина А.Ф. – филология ғылымдарының кандидаты, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Ибраева А.Т. – педагогика ғылымдарының магистрі, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан.

Zeinulina A.F. – Candidate of Philological Sciences, Professor of S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan.

Ibrayeva A.T. – Master of Education, doctoral student of S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan.